«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығының докторанты Худайбергенов Нурбол Джумагалиевичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» атты философия ғылымдарының PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензент

ПІКІРІ

І. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Қазіргі қазақ прозасын ғылыми тұрғыдан зерттеп-зерделеу, сөз өнеріндегі құндылықтардың өзіндік ерекшеліктерін тану, оларға пәнаралық негізде баға беру тек қана әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес, жалпы гуманитарлық ғылымдар үшін де маңызды болып отыр. Нурбол Худайбергеновтің «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы тәуелсіздік құндылықтарын ғылыми тұрғыдан зерделегенімен құнды. Бүгінгі ұлттық код, қазақтың өзіне тән даралығы дейтін аса маңызды мәселелерге жан-жақты қарау үшін де қоғамның құндылықтар жүйесіне назар аудару керек деп есептейміз. Ізденуші диссертациялық жұмысында аталмыш мәселелерге деген өзіндік көзқарас-пікірлерін нақтылай көрсете білген.

Прозадағы мәдени бірліктерге үңіліп, дүниетанымдық, философиялық қырына тоқталу, кейіпкерлердің психологиялық болмысын анықтап, әлеуметтік қатынастардың мәнін ашу сынды іргелі міндеттер бүгінгі әдебиеттану ғылымының алдындағы келелі мәселелердің бірі болып отыр. Ендеше, көркем мәтіндегі құндылықтарды анықтап, шығарманы аксиологиялық тұрғыдан талдаудың маңызы өте жоғары. Сондықтан да,, зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды.

Егемендігін алған елдердің, ең алдымен, өз түпкі тарихын зерделеп, рухани-мәдени бірегейлігін іздейтіні заңдылық. Қазіргі қазақ қоғамында бұл үрдіс қарқынды түрде жүріп жатыр. Әсіресе гуманитарлық ғылым салаларының бұл тарихи миссияның жүзеге асуына қосар үлесі зор. Бұған дейін елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынып, қыруар ғылыми-мәдени мәні жоғары жобалар жасалған болатын. Бүгінде соның жалғасындай болып «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асып жатқаны белгілі. Халықтың рухани келбетін, өзіндік даралығын дәл әдебиеттей танытатын сала жоқ десек, сөз өнеріндегі жалпыадамдық құндылықтарды ғылыми тұрғыдан талдап-таразылау еліміздегі рухани жаңғыру үдерісінің оң болуына әсер ететін факторлардың бірі болады деп есептеймін.

ІІ. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Ізденуші ғылыми зерттеу жұмысын жоғары деңгейде жазған. Ой-пікірлері, тұжырымдары мен қорытындылары жүйелі де нақты. Ғылыми

Scanned by TapScanner

зерттеу жұмыстарын жазу тәжірибесі бар екендігі танылады. Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар ғылыми аспектіде зерделеніп, практикалық және теориялық тұрғыдан құнды тұжырымдар жасалған.

Ұсынылған тұжырымдар бір-бірімен байланыста қарастырылған. Атап айтқанда, Н.Худайбергеновтің диссертациялық зерттеуі кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденушінің тақырыпта терең бойлағаны, аталған мәселені жан-жақты зерделей алғандығы көрініп тұр.

Докторанттың теориялық дайындығы, әртүрлі деректікқайнар көздерді кеңінен пайдаланғаны тақырыпты жақсы ашып беруге мол мүмкіндік туғызған.

III. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа. Ізденуші қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың генезисін анықтап, тың тұжырымдар жасай білген.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа; диссертант қазіргі қазақ әдебиетіндегі роман жанрының, соның ішінде тарихи романның аксиологиялық қызметін ғылыми тұрғыдан байыптаған.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; Нурбол Худайбергенов құндылықтарды адам тұлғасымен, кейіпкер болмысымен тығыз байланыста қарастырады және қазіргі қазақ әдебиетінде қалыптасып отырған екі түрлі кейіпкердің бар екенін ғылыми негізде дәлелдейді.

Төртінші ғылыми нәтиже ішінара жаңа болып табылады. Докторант қазақтың дәстүрлі тұрмысын арқау еткен тарихи жанрдағы туындыларда этикалық, әлеуметтік, діни құндылықтар үстем екенін, заманауи тақырыптағы шығармаларда экономикалық, танымдық құндылықтар алға қойылатынын нақты мысалдармен дәйектейді.

IV. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Ізденуші қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары ежелгі халықтың проза үлгілеріне барып тірелетінін дәйекті пікірлерімен дәлелдейді. Осы арқылы қазақ руханиятындағы басты-басты мәдени концепцияларды ашып көрсетеді. Нәтижені шынайы деп бағалаймыз.

Екінші ғылыми нәтиже. Худайбергенов Нурбол Джумагалиевич ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың арақатынасы туралы өзінің тұшымды тұжырымдарын келтірген. Жалпыадамдық құндылықтарға әр халықтың өзіндік қатынасы мен өлшемі болатынын және олардың тұрмыс-тынысы, орналасқан географиялық аймағы мен шаруашылығының

Scanned by TapScanner

аталмыш өлшемдерді туғызатынын көрсетеді. Соның негізінде ұлттық құндылықтардың жалпыадамдық құндылықтардың локальді түрлері екенін дәлелдеген. Бұл диссертанттың мәселенің ғылыми байыбына баруда көп ізденістерге бой ұрғаны дәйектеледі және жұмыстың шынайылығын көрсетеді.

Үшінші ғылыми нәтиже. Өйткені диссертацияда ізденуші дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды қоғам түрлеріне тоқталып, әр қоғамның үстем құндылықтар жүйесінің болатынын көрсеткен.

V. Академиялық адалдық принципі.

Н.Д.Худайбергеновтің зерттеу жұмысында академиялық адалдық принципін толықтай ұстанған деп сеніммен айта аламыз. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған. Әдебиеттерге, авторларға және олардың сөздеріне сілтеме беріп отырады. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтар кездеспейді. Жұмыста талдауға көп көңіл бөлінген. Зерттеу жұмысы өзара сабақтас өзара үш тарауға бөлінген. Тарау мен тараудың, тақырып пен тақырыптардың арасында ешқандай қайшылық жоқ.

VI. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы

Зерттеу жұмысындағы деректерді, теориялық нәтижелерді филология факультетінің оқу бағдарламасында пайдалануға болады. Қазіргі қазақ әдебиетінің беталысын, аксиологиялық бағдарын тануда көмекші бола алатыны сөзсіз.

VII. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы

Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындыларының талапқа сай жеткілікті түрде жариялануы расталынады: 3 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 3 халықаралық конференция жинақтарында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда жарияланды.

VIII. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Диссертациядағы ғылыми және практикалық салаларына қосатын үлесінің маңызды екендігіне тағы да бір мәрте назар аударта отырып, төмендегі ескертпелерді айта кеткіміз келеді.

- Зерттеу жұмысында орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателіктер кездеседі.
- Ұлттық құндылықтар мен жалпыадамдық құндылықтардың арақатынасын тереңірек қарастып, нақтылай түсу қажет.

Scanned by TapScanner

- Бірінші тараудағы әдебиеттегі жалпы адамдық құндылықтар көрініс табуын саралаған тұста әдебиет дәуірлеріндегі құндылықтар ерекшеліктері түгелдей нақтыланбаған.
- Қазіргі прозадағы жалпыадамдық құндылықтарды қарастырған тұста «Соңғы парыз», т.б. ертеректе жазылған шығармаларға көбірек назар аударылып кетеді.
- Пайдаланған әдебиеттер тізімінде 138 әдебиет көрсетілген. Бірақ олардың көпшілігі мақалалық деңгейдегі жарияланымдар. Кейбір іргелі зерттеулер мен еңбектер жұмыста көрініс таппай қалған.

Әрине, айтылған ескертпелер Н.Д. Худайбергенов диссертациясының жаңашылдығы мен құндылығын төмендетпейді. Бұл ескертпелер алдағы ізденістерінде пайдаға асар ғылыми зерттеуге қажетті ұсыныстар ретінде айтылып отыр.

IX. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі

Қорыта айтқанда, диссертацияның тақырыбы өте өзекті. Жұмыс мәні мен мазмұны терең, аяқталған түпкілікті ғылыми еңбек болып табылады. Диссертант зерттеу тақырыбын толық ашқан әрі алған қойған мақсатына жете білген. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді.

Диссертацияға оң баға бере отырып, зерттеу барысында қол жеткізілген теориялық және тәжірибелік маңызды нәтижелер, ғылыми жаңалықтар мен ұсыныстар отандық тәжірибеде кеңінен қолданыс табады деп санаймыз. Худайбергенов Нурбол Джумагалиевичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыс «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығына сәйкес келеді, ал докторант аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Пікір беруші:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология және әлем тілдері факультенің деканы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор **Ө.Әбдиманұлы**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«_____» _____ 20____ж.

Scanned by TapScanner